

Ж. Бекболатқызы , К.Б. Болатова , А.Б. Байгапанова 

Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан
(E-mail: zhannur.bekbolatkyzy.86@mail.ru, kalamkas_17_81@mail.ru, aigul_bol@mail.ru)

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: мақсаты, барысы, салдары

Мақалада Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың мақсаты, барысы мен салдары жан-жақты қарастырылған. Кеңес Одағының ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты, елдің аграрлық құрылымын түбегейлі өзгертуге бағытталғандығы талданды. Ұжымдастырудың негізгі мақсаты жеке шаруашылықтарды жою, ұжымдық негізде өндірісті ұйымдастыру және ауылшаруашылық ресурстарын мемлекеттік бақылауға бағындыру. Авторлар мақалада мал мен мүлікті мәжбүрлеп алып қоюды, халықты колхоздарға біріктіруді қоса алғанда, ұжымдастырудың іске асырылу барысы, сондай-ақ ауыл тұрғындарын мемлекеттік жоспарларды орындауға мәжбүрлеу жөніндегі шараларды талдаған. Бұдан басқа, ұжымдастырудың қазақ қоғамы үшін терең әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдары, оның ішінде 1930 жылдардағы жаппай ашаршылық пен халықтың көші-қоны, сондай-ақ қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесінің жойылуы туралы айтылған. Мақала қазақ халқының тарихындағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатының орны мен маңызын түсінуге, сондай-ақ ұжымдастыру салдарларынан туындаған әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерді анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері ұжымдастыру саясаты ауыл шаруашылығы мен халықтың өміріне қатты әсер еткенін және оның тарихи маңыздылығы әлі де зерттеліп жатқанын көрсетеді.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, ауыл шаруашылығы, күштеп ұжымдастыру, экономика, ашаршылық, қасірет, Ұлы жұт, геноцид, қайғы-қасірет.

Kipicne

Еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болғаннан бастап халқымыздың өткен тарихындағы «ақтаңдақтарды» ғылыми көпшілік санатта зерделеу жұмыстары толассыз жүргізілуде. XX ғасырдың алғашқы жартысы тарихнамамызда зорлық-зомбылық пен күштеп модернизациялау дәуірі деп аталуда. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанды басқаруға келген Филип Исаевич Голошекин «Кіші Қазан» саясатын енгізуге 1928 жылы бай-кулақтарды тәркілеу (конфискациялау) туралы декретінің қабылдануы түрткі болды. Үкімет басындағылар бай-кулақтар тарапына екі-үш бас малы бар қарапайым адамдарды да бай санатына қосқан болатын. Осының барлығы үлкен жұтқа әкеліп соқты. Қазақ халқы кеңес өкіметінің тұсында бірнеше алапат аштықты бастан кешірді. Соның бірі — 1930-1932 жылдардағы аштық еді. Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық саяси тұрғыдан да, академиялық зерттеу тұрғысынан да толық ғылыми бағасын алмаған мәселелердің бірі болып саналады. Бүгінгі күнде отандық тарих ғылымында кеңес өкіметі кезінде жүргізілген күштеп ұжымдастырудың зардаптарына мұрағат құжаттары негізінде талдау жасалынып, шынайы бағасы берілуде. Әсіресе, посткеңестік кеңістіктегі халықтар тағдырына орны толмас демографиялық нұқсан келтірген «Ашаршылық» мәселесі ХХІ ғасыр белесінде шынайы тұрғыда қайтадан қарастырылуда. Бұл заңдылық, өйткені озбыр саясат аясында болған қоғамның қайта жаңғыруында ұлттық-этникалық болмысының айшықталу үдерісі аса маңызды. Әрбір этностың өткен «қилы кезеңдер» тарихын қайыра зерделеуі, ол ұлттық төзімділік пен келісімнің жаңа форматын қалыптастыруға және ең бастысы, қоғамның біртұтастығын күшейтуге ықпал ететін фактор болып табылады.

Аштықтың себебі мен салдарына келсек, біріншіден, Кеңес Одағы тарихындағы, оның ішінде Қазақстан тарихындағы, кеңестік қызыл империяның үдемелі индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын күштеп жүргізуі. Ұжымдастыру бай-кулақтарды тәркілеуден басталды. Қазақстанда кеңес өкіметінің бұл терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістері бай шаруашылықтарын тәркілеумен (1928 ж.), ауқатты шаруалар мен кулақтарын тап ретінде жоюдан басталды. Қазақстандағы байларды кәмпескілеу туралы архив деректері бойынша кей құжатта 285712 бас тек қана ірі қара мал жинап аламыз деген кеңес өкіметінің жоспары болған. Нәтижесінде алғашқы тәркілеу кезінде 142737 бас мал (кей құжаттарда 108457, 125733 және 143037 бас) 108 ағаш үй, 513

қыстау, 195 киіз үй, 324 тарантас (атқа жегілетін екі доңғалақты жеңіл арба — авт.), 180 шана, 241 арба, 740 кілем, 912 жаңа киіз тағы басқа мүліктер тәркіленгені хатталған. Кеңес өкіметінің солақай саясатының құрбанына айналарын білген қазақ байлары мен дін өкілдері — имам, молда, ишандар сол кездегі саясат салған азап пен ажал құрығынан ата-қонысты тастап көшіп кету арқылы құтылу мүмкін екендігін түсінді. Олар көшіп кету арқылы өздерінің кеңес өкіметінің солақай саясатына қарсылық көрсету амалын ұстанды. Қоныс аударудың бірінші түрі, басым көпшілігінде, Қазақстанның шекаралық аймақтарында болды [1].

Зерттеу әдістері

Жалпы алғашқы ашаршылық мәселелерін қарастырғанда, оны объективті бағалауда кеңес өкіметінің жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ауыл шаруашылығы және азық-түлік саясаты барысындағы жүргізілген зерттеулердің деректік мәні өте құнды. Зерттеу жұмысын жазу барысында ХХ ғасырдың 1921-1922 жылдары туралы толық мәліметтердің деректанушылық, тарихнамалық негізіне кеңестік дәуірдегі және кеңестік дәуірден кейінгі әдебиеттерді тәуелсіз Қазақстан тұрғысынан зерттеген ғылыми-зерттеушілер еңбектерінің мол шоғыры алынды. 1920 жылдардағы аймақтың әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар туралы жазылған ғылыми еңбектердің біразы, олардың кеңес өкіметінің Қазақстандағы саясатын мадақтау, бағалау тұрғысында жазылған. Зерттеу жұмысы ғылыми принциптерге негізделген. Тақырыпты зерттеуде тарихилық, нақтылық және объективтік жан-жақтылық қағидалары басшылыққа алынды. Зерттеуде кеңінен қолданылған тарихилық және объективтік қағидаларының басты талабы — тарихи құбылыстар мен үрдістерді барлық күрделілігі мен қайшылықтарын жан-жақты қарастыру және кешенді түрде бір-бірімен байланыстырып талдау. Бұл қағида барлық шынайы фактілердің бірегейлілігінің негізінде тарихи оқиғаны зерттеуге мүмкіндік береді. Осы тақырыпқа байланысты ғалым-зерттеушілердің тарихқа деген жаңа көзқарастары және көптеген қисынды тұжырымдамалары ескеріліп, синтезді түрде қолданылды. Тарихи шындыққа көз жеткізу үшін жиналған тарихи деректерді сұрыптау, салыстыру, жүйелеу, іріктеу, салыстырмалы талдау және қорытындылау әдістерінің қолданылуы жұмыста кең қолданылды. Зерттеудің деректік негізін мұрағат деректері және тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектер, статистикалық есептер, құжаттық жинақтар құрайды. Өткен ғасырдың 20-жылдарының соңында және 30-жылдарындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық процестер туралы жазылған жаңа еңбектерді және осы кезеңге дейін немесе бұрынырақта жазылған тарихи туындыларды да тарихнамамыздан шығарып тастай алмаймыз.

Талқылау

Қазақстан тарихының тарихнамасында 1928-1932 жылдардағы жаппай ұжымдастыру мен оның халыққа келтірілген зардаптары, ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ халқының өміріндегі қасіретті, зұлматты, зобалаң кезеңдері геноцид, этноцид деген атаулармен белгілі болған. Жалпы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық тарихы өте ауыр кезең ретінде сипатталады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік деңгейде ХХ ғасырдың басынан белортасына дейін Қазақстан бойынша бірнеше мәрте орын алған қасіретті жылдар зардаптарын, оның құрбандарының, сыртқы елдерге еріксіз ауып кеткендерге қатысты мәліметтерді анықтау, оларға қатысты құпия құжаттарды жарыққа шығару, сонымен қатар жазықсыз жапа жеккендердің ұрпақтарының ізденуіне жағдай жасай мән беру аса игі және қажетті іс деп санаймыз. «Ақиқат маңдайыңа тимей, санаңа сіңбейді» дейтін нақыл сөз бар. Сондықтан зұлматты жылдар құрбандарының рухына тағзым ету, олардың бүгінгі ұрпақтары арқылы қасіретті жылдар тарихын саралау және өткенімізде орын алған қасіретті болдырмау, елдің бірлігіне ұйытқы болар істер атқару ұрпақ парызымыз және ел үшін келелі істер бастауы екені сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында қоғам алдына көптеген міндеттерді қойды. Президентіміздің: «Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс» деген сөзі тарихшыларды осы міндеттерді жауапкершілікпен қарауға шақырғаны деп қабылдаймыз [2].

ХХ ғасырдың 1920-1930 жылдары туралы толық мәліметтердің деректанушылық, тарихнамалық негізіне кеңестік дәуірдегі және кеңестік дәуірден кейінгі әдебиеттерді тәуелсіз Қазақстан тұрғысынан зерттеген ғылыми-зерттеушілер еңбектері жетерлік. Ел тәуелсіздігімен қатар,

идеологиялық қысымнан ада тарих ғылымында алғашқы ашаршылыққа қатысты зерттеулер қатары жарық көрді. Республикамыздың беделді тарихшылары М. Қозыбаевтың, К. Нұрпейісовтің, М. Қойгелдиевтің, Б. Әбілхожиннің және тағы басқа ғалымдардың аталған кезеңдегі қазақ халқының басына түскен қасірет туралы еңбектері кейінгі толқын тарихшыларға ой салары сөзсіз. Көрнекті ғалым М. Қозыбаевтың Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақтарға» байланысты зерттеулері бұл мәселені саралауға көп септігін тигізді. М. Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты [3] еңбегінде сол кезеңде Батыс Сібірге қараған Ақмола, Семей губернияларының Қазақстанға қосылу жөнінде аймақтың әлеуметтік экономикалық жағдайының көлеңке тұстары туралы мәселелер қарастырылады. Ғалым, зерттеуші Ж. Абылхожиннің «Очерки социально-экономической истории Казахстана XX век» деп аталатын монографиясында кеңестік дәуірдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын баяндай отырып, «әскери коммунизм», жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру және тағы басқа мәселелерді тарихи құжаттар негізінде ғылыми айналымға енгізген [4]. 1920-30 жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерді жан-жақты, әрі ашаршылық мәселесін жүйелі зерттеп жүрген ғалым Т. Омарбековтің «Зобалаң» [5], «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» зерттеулерінде зерттеуші кеңестендіру саясатының салдарын көрсете келе, жаңадан бой көтеріп келе жатқан тоталитарлық қоғамға халық бұқарасына жанашыр, қамқоршы болатын ұйымдардан гөрі, әркез бас шұғып қолдаумен қанағаттанатын рухта тәрбиелейтін мемлекеттік органдардың қажет болғандығын баса көрсеткен. Бұл еңбектерде біз талдап отырған мәселенің кейбір тұстары көрсетілген. Сондай-ақ ғалым XX ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйенің жүргізген «Кіші Қазан», байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарына мұрағат деректері мен материалдары негізінде талдау жасап, шынайы ғылыми тұжырымдар түйіндеген [6].

Белгілі ғалымдар М. Қойгелдиев пен Т. Омарбековтің «Тарих тағлымы не дейді?» еңбегінде Қазақстанның 1920-30 жылдарындағы экономикалық жағдайының төмен болуы және алғашқы ашаршылықтың алғышарттары, билік басына келген жаңа өкіметтің мәселені шешуге дәрменсіздігі қарастырылған. Қазақ шаруаларының босқыншылыққа ұшырауы және аштықтан қырылуы туралы бұрын терең зерттелмей келген қырлары архив деректері негізінде зерттелген [7]. А. Алексеенконың «Население Казахстана 1920-1990 гг.» [8] және Н. Алексеенко мен А. Алексеенконың бірігіп жазған «Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.)» [9] атты еңбектерінің деректері мұрағат құжаттарындағы сандық деректермен салыстыруда және ашаршылықтың демографиялық салдарын айқындауда маңызды рөлге ие.

Қазақ халқының этнодемографиялық даму сипатына арналған мәліметтерді Қазақстан бойынша салыстыра зерттеген Н. Алексеенконың «История демография Казахстана» [10], сонымен қатар А. Алексеенконың «Население Казахстана 1920-1990 гг.» [8] және Н. Алексеенко мен А. Алексеенконың бірігіп жазған «Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.)» [9] атты еңбектеріндегі келтірілген деректерден көре аламыз, одан ашаршылықтың демографиялық салдары, тигізген залалы туралы біле аламыз.

Алғашқы ашаршылықтың демографиялық дамуға тигізген әсері жөнінде М.Б. Татимовтың «Социальная обусловленность демографических процессов» [11] атты ғылыми зерттеу еңбегінде қазақтар санының артуы Қазақстандағы көп ұлтты халықтың өсуіне ықпал ететін үрдістер қарастырылып, ашаршылық кезеңіндегі этнодемографиялық жағдай жөнінде мағлұмат береді. Еңбектегі Семей губерниясы жөніндегі статистикалық мәліметтердің маңызы өте зор.

М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиевтардың «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.)» атты еңбегінде Қазақстанның ашаршылыққа ұшыраған губернияларынан Ақмола, Семей аймақтарына қоныс аударғандар туралы мәліметтер келтірілген [12]. Ашаршылықтың әлеуметтік зардаптарын қарастыруда еңбектің материалдары негізге алынды.

Ашаршылықтың салдарының бірі панасыз балалардың аймақтағы жағдайы жөнінде ғылыми бағытта диссертация қорғаған Г. Сүгірәлімованың «Қазақстандағы панасыз балалар: мәселені шешу тарихы, тәжірибесі және қорытындысы (1920-1940 жж.)» еңбегінде губерниядағы панасыз балалар жөніндегі зерттеулік деректерді басшылыққа алуға болады [13].

«XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы жұт» атты ғылыми зерттеуінде С. Атушева «жұт» терминіне түсінік бере отырып, оның алғышартына, себеп салдарына және оның салдарына тоқталған. Зерттеуші қазақтың дәстүрлі қоғамының бұзылуына, көшпелі мал шаруашылығының тұралауына «жұт» емес, патша өкіметінің қоныстандыру саясаты деген тұжырым жасайды [14].

Зерттеуші Г.Х. Халидуллиннің «Кеңестік биліктің қазақ шаруаларына қатысты аграрлық саясаты (1917-1940 гг.)» [15] атты көлемді зерттеу еңбегінде кеңес мемлекетінің аграрлық саясатына, оның ішінде қазақ шаруаларына тікелей қатысты оқиғалар тың деректер негізінде баяндалған.

Жүсіп Сағаттың «Ашаршылық ақиқаты: деректер мен дәйектер» атты еңбегінде ХХ ғасырдың басындағы екі үлкен жұт туралы деректер, әңгімелер, естеліктер, зерттеулер енгізілген. Дәлірек айтқанда, 1918-1922 жылдардағы және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық туралы тың деректер жинақталған [16]. В. Михайловтың «Ғаламат жұт шежіресінде» өткен ғасырдың 30-жылдарының басында Қазақстанда адам айтқысыз ауыр трагедияның көрінісі сипатталған. Яғни ғасырлар бойы көшпенді өмір сүріп келген қазақ жұртын еш дайындықсыз, қысқа мерзім ішінде отырықшылық жағдайға көшіруді қолға алған ойы шолақ, ісі олақ саясаткерлердің оспадар әрекетінің салдарынан қазақ даласын жайлаған жаппай аштық пен ауру-індеттен жергілікті халықтың үштен бірінен көбісі жойылып кеткені қарастырылады. 1920-30-жылдардағы әлеуметтік-демографиялық процестерге байланысты қызықты сандық деректер М.Х. Асылбеков пен Ә. Ғалиевтің жоғарыда аталған еңбегінде бар. Бұл зерттеу ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ ауылының әлеуметтік бейнесін және ашаршылық жылдарындағы демографиялық апаттың салдарларын Бүкілодақтық санақ мәліметтері негізінде жан-жақты талдайды.

Америкалық тарихшы Сара Камерон зерттеуінде: Сталиннің модернизацияның ең қайғылы салдары ретінде танылған Қазақ ашаршылығының тарихы қоғамдық немкеттілікке қалай ұшырады? Бұл ішінара Украина, Қазақстан, Еділ алабы, Дон және Кубань аймақтарына алапат ашаршылық әкелген ұжымдастыру науқанының негізінен «шаруалар мәселесі» деп қарастырылуынан туындаған. 1929 жылы Иосиф Сталин алғашқы бесжылдық жоспарын — Кеңес Одағын индустрияландыруға және капиталистік Батысты «қуып жетуге» бағытталған түбегейлі жобасын ұсынды. Бұл модернизациялық жаңғырту жобасының іргетасы — ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселесі болатын. Мәскеу ауыл тұрғындарын өздерінің жерлері мен мал-мүлкінен бас тартып, ұжымдық шаруа қожалықтарына еруге мәжбүрлеу арқылы, азық-түлікпен қамтамасыз ету процесін бақылауды күшейтіп, Кеңес Одағындағы ет, астық, әсіресе бидай өндірісін тез арада дамыта қоюды көздеді. Ұжымдастырылған шаруашылық институты, яғни колхоздардың көмегімен Мәскеу жергілікті әлеуметтік құрылымдар мен байланыстарды әлсіретіп, болшевиктер ұзақ уақыт бойы бақылауға ала алмай отырған ауылдық жердегі кеңес өкіметінің билігін күшейтіп алуға тырысты. Қазақ ретінде біз үшін бұл кітаптың үлкен маңызы бар. Әрбір екінші қазақ отбасы сияқты біздің шаңырақ та осы нәубеттің тікелей құрбаны болды. «Ашаршылықтан аман шыққандар кеміргіштер мен жабайы шөптерді жегенін немесе масақ деп аталатын жиналған астық қалдықтарын жинап алу үшін егістік жерлерді аралағанын есіне алады... (Балалар мен шынайы ашыққандар) көрпенің жүнін отқа қақтап шайнайды, төсектеріндегі былғары біткенді суға толы табаққа салып, содан кейін оны жейді. Сара Камерон еңбегінде Қазақстанда ашаршылық 1930 жылдың қысында, Кеңес Одағының басқа республикаларына қарағанда бір жыл бұрын басталды. Азық үшін көшпендіге айналған қазақтар малдарын сойып, ата қоныстарын тастап, ауа көшіп, босып кете бастады [17]. Елдегі ашаршылық күшейген 1931-1933 жылдар аралығында Қазақстан Республикасынан 1,1 миллионнан астам адам ауа көшіп кетті, олардың басым көпшілігі — қазақтар екендігі жөнінде деректер келтіреді. Қайғылы оқиғаның 1,5 миллион құрбанының 1,3 миллионын қазақтар құрады. Ашаршылықтан барлық қазақтардың үштен бірінен астамы қырылып, нәубет салдарынан мемлекетті құраушы қазақ ұлты өз республикаларында азшылыққа айналғандығы туралы мәліметтер бар.

Нәтижелері

Қазақ халқына орны толмас қасірет пен қайғы әкелген отызыншы жылдар ойраны туралы, күштеп ұжымдастыру саясаты кезіндегі кеңес өкіметінің солақай саясатының нәтижелеріне байланысты қазақ зиялыларының мемлекет және партия қайраткерлері Т. Рысқұловтың, Ғ. Мүсіреповтің, О. Исаевтың, Л. Мирзоянның, сондай-ақ басқа жанашыр азаматтардың сол кезеңдердегі КСРО мен республика басшылықтарының алдына көтерген мәселелері, ой-пікірлерінің орынды және өзекті болғандығын уақыт көрсетіп отыр.

1927 жылы желтоқсанда ірі бай шаруашылығын тәркілеу жөніндегі заң жобасын әзірлейтін арнайы комиссия құрылды. 1928 жылы наурызда Қазақ өлкелік комитетінің бюросы ол заң жобасын бірнеше рет қарап, нақтылады. Осы жылдың тамыз айында Өлкелік комитет тәркілеу науқанына тікелей басшылық жасайтын комиссия ұйымдастырды. Комиссияның төрағасы болып Е. Ерназаров тағайындалды, оның құрамына О. Исаев, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, О. Жандосов және т.б. кірді.

1928 жылдың 27 тамызында Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінде тәркілеу жөніндегі заң жобасы қабылданды. Республиканың барлық аудандарына тәркілеуді өткізу жөнінде нұсқаулар жіберілді. Заң бойынша малы, дүние-мүлкі тәркіленіп, өзі жер аударылуға тиісті ірі байларға: көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400-ден астам малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар, отырықшы аудандарда 150-ден астам малы барлар және бұрынғы сұлтандар мен хандардың ұрпақтары жатқызылды.

1928 жылы тамыздың 30-да Қазақ АКСР ХКК-нің «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» арнайы қаулысы қабылданып, соған сәйкес аудандар белгіленді. Науқанды 1928 жылдың 1 қарашасында аяқтау жоспарланды, яғни бір ай ішінде бітіру керек деп шешті. Кейінірек ол тағы 10 күнге ұзартылды. 1928 жылғы 30 тамыздағы қаулыға сәйкес, сонымен қатар тәркіленгендерді жер аударылуға тиісті аудандар да анықталды.

Тәркілеуге байланысты декретте әсіресе, көшпелі аудандардағы шаруа қожалықтарына деген қаталдық айқын болды. Осы көшпелі аудандағылардың малы тәркілеу мөлшерінен аз болған күннің өзінде де, егер бұл адамдар ауылда ықпалды болса, кеңестендіруге қауіпті элемент ретінде жер аударылуға тиіс болды. Тәркілеу туралы ереже бойынша жер аударылғандардың бәрі сайлау құқығынан айырылды.

Байларды тәркілеуді жүзеге асыру үшін комиссиялар құрылды. Уәкілдер бастаған комиссия мүшелері тәркілеу барысында кеңес үкіметінің нұсқауларын, яғни байларды тәркілеу туралы ережені өрескел бұрмалады. Ауыл белсенділері жоғарыдан келген уәкілдің қолдауымен тіпті ауқатты адамдарды да қыспаққа түсірді.

Республика көлемінде барлығы 696 «бай-феодалдар» тәркіленді. Қазақ қоғамында ірі байлардың көп болмағанын осы 1928 жылғы жүргізілген тәркілеу барысы мен оның нәтижелері көрсетіп берді. Алдын ала жасалған жоспар бойынша үкімет жоғарыдағы байлардан 225972 бас малды тәркілейміз деп үміттенген еді. Бірақ үміт ақталмады, барлығы 144474 бас мал ғана тәркіленді: бұл белгіленген жоспардың 64 %-і ғана. Оның себебі, алдын ала жасалынған малдың есебі дұрыс емес еді. Қазақстан басшылығы кейіннен оны мойындауға мәжбүр болды. Барлық тәркіленген малдың 10,2 %-ы отырықшы аудандардан, 83,3 %-ы жартылай көшпелі аудандардан және 6,5 %-ы көшпелі аудандардан еді. Тәркіленген малдың 118919 басы жеке шаруашылықтарға (74,3 %) және колхоздарға (25,7 %) таратылып берілді. Тәркіленген малдар негізінде жаңадан 292 колхоз құрылды. Өткен ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдарының басындағы Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру арқылы келген ашаршылық қолдан жасалған, идеологияға негізделген саясатты сөзсіз жүзеге асыруға ұмтылушылықтың нәтижесі еді. Коммунистік партияны қазақтарға, одан кейін, белгілі бір дәрежеде басқа да көшпелі халықтарға әкеліп жапсыру оларды сан апат пен қайғы-қасіретке душар етті. Сөйтіп, 1931-1933 жылдар қазақ халқының ең бір қасіретті жылдары болып тарихымызда қара әріптермен жазылып қалды [18].

1928 жылғы кәмпескелеудің қарсаңында қазақтың саны қанша болды? 826 мың шаруа қожалығы ресми тіркелген. 6 адамнан есептегенде 4 млн 836 мың қазақ болып шығады. Қалай есептесеңіз де, қазақтың саны 4 млн-нан асып, 5 млн-ға жуықтаған. Негізінен қазақ халқының 48 пайызы ашаршылықта қырылды деп жүрміз. 1992 жылғы Манаш Қозыбаев бастаған комиссияның шешімін біздің қазақтар әлі оқымай жүр. Әсіресе, журналист ағайындар соны оқымай, әртүрлі пікір айтады. Онда тайға таңба басқандай: «1931-33 жылдары қырылған қазақтардың саны 2 млн 200 мыңнан асып кетеді», – деп анық жазылған [19].

Қазақстандағы 1930-1933 жылдарда кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты мен азық-түлікті күштеп тартып алуынан туындаған жаппай ашаршылыққа байланысты қайғылы кезеңді еске алсақ дейміз. Сол жылдары қазақ даласында 40 миллион бас мал болса, 1930 жылдары оның 4 миллиондайы ғана қалған. Бұл қазақ халқының аштыққа ұшырап, жаппай қырылуына әкеліп соқты. Тарихта «голодомор» деген атпен қалған оқиға тек қана қазақтардың емес, басқа да көршілес елдердің халқын қырды. Құрбандар саны туралы ресми деректер әртүрлі, бірақ, болжам бойынша бірнеше жүз мыңнан бірнеше миллионға дейін жетеді. Ашаршылық көптеген адамдардың, әсіресе балалар мен қарттардың азапты өліміне себеп болды. Дұрыс тамақтанбау және медициналық көмектің болмауы өлім-жітімнің өте көп болуына және бүкіл әулеттің қырылуына әкелді.

Ашаршылық Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық құрылымына үлкен әсер етті. Көптеген адамдар дүние-мүлкінен, жерінен, малынан айырылды. Көшпелі қоғамдар мен дәстүрлі өмір салты жойылды. Ел экономикасы дағдарысқа ұшырап, халық кедейшілік пен жұмыссыздыққа тап болды. Сонымен, 1929-1933 жылдары халық аштықтан қынадай қырылып, ажалдан қашқандары

шет елдерге ауа көшті. Халық саны күрт кеміді. Патшалы Ресей кезінен қалыптасқан статистикалық есеп алу ісіндегі ықтияттылық бұл кездері әлі де сақталған еді. Жергілікті жерлерде халық пен мал басының шығыны есепке алынып отырды. Сондай есепке жүгінсек, 1930-1933 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы Тереңөзек ауданындағы көшпелі 14 ауылда шаруашылық саны 9961-ден 1865-ке, адам саны 46,4 мыңнан 6,8 мыңға азайған. Үш жылда 7,8 мың шаруашылық жойылып, 2,2 мыңы ауданнан сыртқа көшті. Аудан адамдары 85 %-ға күрт кеміді. Сондай-ақ, көрші елдерге босыған халық туралы тағы да сөз қоссақ, Мемлекеттік саяси басқарма өкілдерінің 1933 ж. есебі бойынша Қарақалпақ жеріне 47578 қазақ босқындары енген. Олардың 2357-сі панасыз балалар. Қиыншылыққа тап болған мұндағы 48 мың қазақ босқындарынан 1934 ж. 1 наурызында 22 мың ғана адам қалады. 25 мыңы жұқпалы ауру, дерттен қаза болған. Бір ғана Ходжелі ауданында бір айда 200 адамның көшеде өлгендігі жайлы дерек бар. Бұндай деректерді елдің барлық аймақтарынан келтіруге болады. Ал, шет елдерге кеткендер, әсіресе, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарынан көп болғаны белгілі. Қазақ АКСР ХК мәліметі бойынша, 1933 ж. ақпанына дейін 71 ауданның (50 көшпелі мен жартылай көшпелі және 21 отырықшы) халқы сыртқа ауа көшті. 1930 ж. басы мен 1931 ж. ортасына дейін Қазақстаннан 281230 шаруа шаруашылықтары сыртқа, негізгі бөлігі Қытайға, Иранға және Ауғанстанға көшті. Өз уақытында жүргенде халық санақтары шындықты ашар еді. 1932 жылдан бастап үш рет жүргізілмекші болып, кейінге ығыстырыла берген, 1937 ж. бір күндік болып өткен халық санағы бұл сұмдықты жасыра алмады. Сол себепті «қуғын-сүргінге» ұшыраған 1937 ж. санақ, әсіресе, ауыл халқының кемуін паш етті. Мәліметтері жойылып жіберілген осы санақтың алғашқы қорытындылары туралы құжатта Қазақстан халқының 1926-1937 жылдардағы екі санақ арасында 1144,7 мың адамға, соның ішінде ауыл халқы 1831,6 мың адамға кемігендігін көрсетті. Қала халқы керісінше, 686831 адамға өскен [20]. Бұл өсімнің өндіріс орындарын игеруге келген көші-қоншылар есебінен екені анық. Басқа облыстардағы теріс айырым халық санындағы терең шыңырауға дәлел. 1926-1937 жылдардағы санақтарды қарасақ, әсіресе Шығыс Қазақстан (285919 адамға), Оңтүстік Қазақстан (255078 адамға), Алматы (140418 адамға) облыстарының ауыл халқы күрт кеміген. 1937 ж. ауыл халқы 1926 ж. мөлшерінің 69,1 %-ына ғана жетті, ал қала халқы 246,9 %-ға өсті. Ауылда ер адамдар үштен бірінен (915,5 мыңнан аса адамынан) айрылып, 1926 жылғы мөлшерінен 68,0 %-ға төмендесе, әйелдер 802,9 мың адамға кеміп, 70,3 %-ға түскен. Халық санының кемісін КСРО-ның өзге республикаларынан келген көші-қоншылар да толтыра алмады. Тарихшы Т. Омарбеков «Ашаршылық ақиқаты?» атты мақаласында күштеп ұжымдастырудан бұрын саны 4836 мың адамға жеткен Қазақстандағы қазақтардың алапат ашаршылықта 1933 ж. 1142 мыңдайы босқынға айналған деп жазады [21]. Т. Омарбековтың бұл мәліметті республикаға көрші өлкелерден қайтпай қалған, шетелге өтіп кеткен және 1935 ж. дейін республиканың өз ішінде орналасқан босқындарды жеке-жеке бөліп есептеу жолымен тексеріп шықсақ шындыққа жақындай түсеміз деген пікірімен де, есебімен де келісеміз. Ұжымдастыру саясатының зардаптары қазақ халқының басына үлкен апат әкелді. Күшпен ұжымдастырылған және материалдық жағынан өте әлсіз шаруашылықтар күйзеліске ұшырап, нәтижесінде 1932-33 жылдары халық аштыққа ұшырады. Сол кездегі мәліметтерге қарағанда аштық жайлаған аудандарда халық баудай түсіп қырылған. Аштықтан өлген адамдарды жинап, көмуге мүмкіндік болмаған. Аштықтың салдарынан адам етін жеу фактілері де өте көп болған. Осындай жантүршігерлік көріністер туралы мәліметтерді зерттеушілер тәуелсіздік алғаннан кейін архив қойнауынан алып жариялады. Аштыққа ұшыраған қазақтар босқын болып, елден шет аймақтарға үдере көшті. Қазақстаннан шет аймақтарға кеткен қазақ босқындарының ауыр да жанкешті тұрмысы туралы да деректер жеткілікті. Зерттеушілер 1930–1932 жылдары шетелге кеткен қазақтар санын, қайтып келгендерді шығарып тастағанда 1,3 млн адамға жеткізеді.

Қорытынды

Міне осылай, қазақ халқының ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихы бақытсыздық, қырғын әкеліп, тұтас бір ұлттың жартысына таяуын қырғынға ұшыратып, елеулі бөлігін жат жерге амалсыздан қоныс аудартқан қайғылы оқиғалар орын алуымен ерекшеленеді. Өзінің сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан өткерді. Кеңес заманында бүкіл кеңес өкіметі сияқты Қазақстанда да көбіне толағай табыстар мен толассыз жетістіктердің шеруі ретінде сипатталады. Әрине, қол жеткен табыстар да аз болған жоқ. Дегенмен, Ресей империясының, одан кейінгі Кеңес Одағының жүргізген саяси-экономикалық, рухани және басқа отарлау саясатының залалы мен зардаптары одан әлде қайда асып түсті. Міне, сол отарлау саясатының бір көрінісі немесе қазақ жерінде етек алған орны толмас-

ашаршылық мәселесі. Зерттеу нәтижесінде ашаршылықтың негізгі алғышарты деректік негізде айқындалды. Кеңес өкіметі Қазақстанды шикізат базасы ретінде танып келгені тарихтан белгілі. Өлкедегі жағдайлар туралы өкімет басшылары хабардар бола отырып, бас қосып, жиын өткізіп, құр даурықпа конференциялар жүргізумен ғана олардың жұмыстары шектелген. Кеңес өкіметінің шығарған заңдары (декреттер), директивалары, бұйрық-жарлықтары қазақ жерінде сол кездегі үстемдік жүргізіп отырған Компартияның саясаты арқылы бірден жүзеге асып отырды. Оған қарсылық білдіріп наразылық көрсетсе, Орталық қаруланып, арнайы жарактандырылған әскери отрядтарын жіберу арқылы басып жаншыды. Ашаршылықтан кейін Қазақстан үшін азапқа толы ұзақ қалпына келтіру кезеңі басталды. Аштықтан тірі қалғандардың көбі бұл соққыдан есеңгіреп, жүректе қалған жарақаттан ұзақ жылдар бойы арыла алмады. Ашаршылықпен бірге сүзек, тырысқақ, іш ауруы сияқты жұқпалы ауруларда қалыптасқан жағдайларды онан әрі шиеленістіре түсті. Ашаршылық, қаңғыру, босу, өлу, шөп жеу, өлімтік жеу, түрлі адам бойы түршігерлік қысаңдықтар Шығыс Қазақстан аумағында айналып өтпегендігін қоғамдық өмірдің қиыншылықтары нақтылай түседі. Алайда қазақ даласында болған экономикалық дағдарыстың, әлеуметтік ауыр қиыншылық жағдайының мәдени-ағарту салаларына да өзіндік кері ықпалын тигізді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, ашаршылық — Сталин режимінің ең үлкен қылмысының бірі. Сондай-ақ ХХ ғасырдағы ең маңызды оқиғаның бірі. 1,5 миллионнан аса адам көз жұмды. Аштық қазақ халқының болмысын өзгертті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Исенов Ө.И. Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылық (1920 ж. соңы — 1930 ж. басы) / Ө.И. Исенов, А.И. Құдайбергенова // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. — 2022. — № 3 (106). — Б. 145–157.
- 2 Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Т. 5. Куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері / Жау. ред.-құраст. Б. Әбдіғалиұлы. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. — 604 б.
- 3 Қозыбаев М.К. Ақтандақтар ақиқаты / М.К. Қозыбаев. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 272 б.
- 4 Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век / Ж. Абылхожин. — Алматы: Университет «Туран», 1997. — 360 с.
- 5 Омарбеков Т. Зобалаң / Т. Омарбеков. — Алматы: Санат, 1994. — 230 б.
- 6 Омарбеков Т. XX ғасырдың Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: көм. оқу құр. / Т. Омарбеков. — Алматы: Қазақпарат, 2001. — 404 б.
- 7 Қойгелдиев М.К. Тарих тағлымы не дейді? / М.К. Қойгелдиев, Т. Омарбеков. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 208 б.
- 8 Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920–1990 гг. / А.Н. Алексеенко. — Алматы: Ғылым, 1993. — 126 с.
- 9 Алексеенко Н.В. Население Казахстана за 100 лет (1897–1997) / Н.В. Алексеенко, А.Н. Алексеенко. — Усть-Каменогорск: РВК ПО «Полиграфия», 1999. — 158 с.
- 10 Алексеенко Н.В. История демографии Казахстана / Н.В. Алексеенко. — Усть-Каменогорск: ВКГУ, 2001. — 38 с.
- 11 Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов / М.Б. Татимов. — Алма-Ата, 1989. — 144 с.
- 12 Асылбеков М.Х. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг.) / М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиев. — Алма-Ата: Ғылым, 1991. — 192 с.
- 13 Сүгірәлімова Г.Б. Қазақстандағы панасыз балалар: мәселені шешу тарихы, тәжірибесі және қорытындысы (1920–1940 жылдар): маманд.: 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы). Тар. ғыл. канд. дисс. автореф. / Г.Б. Сүгірәлімова. — Қарағанды, 2006. — 24 б.
- 14 Атушева С.Б. Джуты в Казахстане в конце XIX–нач. XX вв: спец. 07.00.02 — «Отечественная история (История Республики Казахстан)»: автореф. ... канд. ист. наук / С.Б. Атушева. — Алматы, 2000. — 29 с.
- 15 Халидуллин Г.Х. Кеңестік биліктің қазақ шаруаларына қатысты аграрлық саясаты (1917–1940 гг.) / Г.Х. Халидуллин. — Алматы, 2007. — 154 б.
- 16 Жүсіп Сағат. Ашаршылық ақиқаты: деректер мен дәйектер / Сағат Жүсіп. — Алматы, «Курсив» баспаханасы, 2015. — 416 б.
- 17 Камерон С. Аштық жайлаған дала: ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату / С. Камерон; ағылш. тілінен ауд. С. Батаева, З. Батаева. — Алматы: GERONA, 2023. — 306 б.
- 18 Талдыбаев Ж. Қазақстандағы ашаршылық салдары [Электрондық ресурс] / Ж. Талдыбаев // Abai.kz. Ақпараттық портал. — 2010. — 28 қыркүйек. — Қолжетімділік тәртібі: <https://qlife.kz/t-rikh/578-aza-standa-y-asharshyly-1930-1933-zhyldar>

19 Қуаныш Б. Қазақ даласындағы ашаршылық. Бұл — «Этноцид»! [Электрондық ресурс] / Б. Қуаныш // Qamshy.kz. — 2012. — 12 желтоқсан. — Қолжетімділік тәртібі: <https://mediakit.qamshy.kz/article/315-qazaq-dalasyndaghy-asharshylyq-bul-etnotsid!>

20 Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы XX ғ. басындағы ашаршылықтар жайлы / А.И. Құдайбергенова // Отан тарихы. — 2012. — № 4. — Б.70.

21 Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты / Т. Омарбеков. // Ақиқат. — 1997. — № 5. — Б. 24-27.

Ж. Бекболатқызы, К.Б. Болатова, А.Б. Байгапанова

Коллективизация сельского хозяйства в Казахстане: цель, ход, последствия

В статье всесторонне рассмотрены цели, ход и последствия коллективизации сельского хозяйства в Казахстане. Политика коллективизации сельского хозяйства Советского Союза проводилась в Казахстане в 1920–1930-е годы, и авторами настоящей статьи проанализировано, что она была направлена на коренное изменение аграрной структуры страны. Показано, что основной целью коллективизации было уничтожение частных хозяйств, организация производства на коллективной основе и подчинение сельскохозяйственных ресурсов государственному контролю. Авторами проанализирован ход реализации коллективизации, включая принудительное изъятие скота и имущества, объединение населения в колхозы, а также меры по принуждению сельских жителей к выполнению государственных планов. Кроме того, раскрыты глубокие социально-экономические и демографические последствия коллективизации для казахского общества, включая массовый голод и миграцию населения в 1930-е годы, а также разрушение традиционной хозяйственной системы казахского народа. Статья направлена на понимание места и значения политики коллективизации сельского хозяйства в истории казахского народа, выявление социально-экономических и культурных изменений, вызванных последствиями коллективизации. Результаты исследования показывают, что политика коллективизации оказала глубокое влияние на сельское хозяйство и жизнь населения, и её историческое значение до сих пор продолжает изучаться.

Ключевые слова: история Казахстана, сельское хозяйство, коллективизация, экономика, голод, страдания, великая утрата, геноцид.

Zh. Bekbolatkyzy, K.B. Bolatova, A.B. Baigapanova

Collectivization of agriculture in Kazakhstan: purpose, course, consequences

In the article the goals, progress and consequences of the collectivization of agriculture in Kazakhstan comprehensively were examined. The policy of collectivization of agriculture of the Soviet Union was carried out in Kazakhstan in the 1920s–1930s, and the article analyzes that it was aimed at radically changing the agrarian structure of the country. It was shown that the main purpose of collectivization was the destruction of private farms, the organization of production on a collective basis and the subordination of agricultural resources to state control. The article analyzes the progress of collectivization, including the forced seizure of livestock and property, the unification of the population into collective farms, as well as measures to force rural residents to implement state plans. In addition, the deep socio-economic and demographic consequences of collectivization for Kazakh society were revealed, including mass famine and population migration in the 1930s, as well as the destruction of the traditional economic system of the Kazakh people. The article aims to understand the place and importance of the policy of collectivization of agriculture in the history of the Kazakh people, as well as to identify socio-economic and cultural changes caused by the consequences of collectivization. The results of the study show that the policy of collectivization had a profound impact on agriculture and the life of the population, and its historical significance is still being studied.

Key words: History of Kazakhstan, agriculture, forced collectivization, economy, famine, suffering, great loss, genocide.

References

- 1 Isenov, O.I., & Kudaibergenova, A.I. (2022). Qazaqstandaghy asharyshlyq pen boskynshylyq (1920 zh. sony — 1930 zh. basy) [Famine and refugees in Kazakhstan (end of 1920 — beginning of 1930)]. *Qazaq ulttyq universitetinin khabarshysy. Tarikh seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. History series, 3 (106)*, 145–157 [in Kazakh].
- 2 Abdigaliuly, B. (Ed.-Comp.). (2021). Asharyshlyq. Golod. 1928–1934. Dokumentalnaia khronika. Tom 5. Kuagerler estelikteri, asharyshlyq turaly zhazylgan kitap-zninaqtar materialdary, korkem adebiet uzindileri [Famine. Hunger. 1928–1934. Documentary chronicle. Vol. 5. Eyewitness memoirs, materials of books-collections about the famine, fragments of fiction]. Nur-Sultan: Foliant [in Kazakh].
- 3 Kozybaev, M.K. (1992). Aqtandaqtar aqiqaty [The truth of Aktangdak]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].

- 4 Abylkhozhin, Zh. (1997). Ocherki sotsialno-ekonomicheskoi istorii Kazakhstana. XX vek [Essays on social and economic history of Kazakhstan XX century]. Almaty: Universitet «Turan» [in Russian].
- 5 Omarbekov, T. (1994). Zobalan [Zobalang]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 6 Omarbekov, T. (2001). XX gasyrdyn Qazaqstan tarikhynyn ozekti maseleleri: komekshi oqu quraly [Actual problems of the history of Kazakhstan of the 20th century: auxiliary textbook]. Almaty: Qazaqparat [in Kazakh].
- 7 Koigeldiev, M.K., & Omarbekov, T. (1993). Tarikh taglymy ne deidi? [What does history say?]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 8 Alekseenko, A.N. (1993). Naselenie Kazakhstana 1920–1990 gg. [Population of Kazakhstan 1920–1990]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 9 Alekseenko, N.V., & Alekseenko, A.N. (1999). Naselenie Kazakhstana za 100 let (1897–1997) [Population of Kazakhstan for 100 years (1897–1997)]. Ust-Kamenogorsk: RVK PO «Poligrafia» [in Russian].
- 10 Alekseenko, N.V. (2001). Istoriia demografii Kazakhstana [History of demography of Kazakhstan]. Ust-Kamenogorsk: Vostochno-Kazakhstanskii gosudarstvennyi tekhnicheskii universitet [in Russian].
- 11 Tatimov, M.B. (1989). Sotsialnaia obuslovlennost demograficheskikh protsessov [Social condition of demographic processes]. Alma-Ata [in Russian].
- 12 Asylybekov, M.Kh., & Galiev, A.B. (1991). Sotsialno-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917–1980 gg.) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Alma-Ata: Gylym [in Russian].
- 13 Sugiralimova, G.B. (2006). Qazaqstandagy panasyz balalar: maseleni sheshu tarikhy, tazhiribesi zhane korytyndysy (1920–1940zhzh.) [Homeless children in Kazakhstan: history, experience and results of solving the problem (1920–1940)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Karagandy [in Kazakh].
- 14 Atusheva, S.B. (2000). Dzhuty v Kazakhstane v kontse XIX–nachale XX vv. [Jute in Kazakhstan at the end of the 19th–beginning of the 20th century]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 15 Khalidullin, G.Kh. (2007). Kenestik biliktin qazaq sharualaryna qatysty agrarlyq saiasaty (1917–1940 gg.) [Agrarian policy of the Soviet authorities in relation to Kazakh peasants (1917–1940)]. Almaty [in Kazakh].
- 16 Zhusip, Sagat (2008). Asharshylyq aqiqaty: derekter men daiekter» [Hours Yusuf's “Famine Truth: Facts and Figures”]. Almaty, “Kursiv” baspakanasy [in Kazakh].
- 17 Kameron, S. (2023). Ashtyq zhailagan dala asharsylyq, ozbyrlyq zhane Kenestik Qazaqstandy ornatu [The Hungry Field: Famine, Tyranny and the Creation of Soviet Kazakhstan]. (S. Batayeva, Z. Batayeva, Trans.). Almaty: GERONA [in Kazakh].
- 18 Taldybaev, Zh. (2010). Qazaqstandagy asharsylyq saldary [Consequences of famine in Kazakhstan]. Abai.kz. Information portal. Retrieved from <https://qlife.kz/t-rikh/578-aza-standa-y-asharsyly-1930-1933-zhyldar> [in Kazakh].
- 19 Kuanysh, B. (2012). Qazaq dalasyndagy asharsylyq. Bul — “Etnotsid”! [Famine in the Kazakh steppe. This is “Ethnocide”!]. Retrieved from <https://mediakit.qamshy.kz/article/315-qazaq-dalasyndagy-asharsylyq-bul-etnotsid!> [in Kazakh].
- 20 Kudaibergenova, A.I. (2012). Qazaqstandagy XX g. basyndagy asharsylyqtar zhaily [XX century in Kazakhstan about early famines]. *Otan tarikhy — History of the homeland*, 4, 70 [in Kazakh].
- 21 Omarbekov, T. (1997). Asharshylyq aqiqaty [The truth of famine]. *Aqikat — True*, 5, 24–27 [in Kazakh].

Автор туралы мәлімет

Бекболатқызы Жаннұр — PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0003-3041-395X>,

Болатова Каламкас — Т.ғ.к. аға оқытушы, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-9224-9596>,

Байгапанова Айгуль — PhD, аға оқытушы, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-6365-4488>

Information about the authors

Bekbolatkyzy Zhannur — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan;

Bolatova Kalamkas — Candidate of technical sciences, senior lecturer, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan;

Baigapanova Aigul — PhD, senior lecturer, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.